

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**



**«БУЛЛИНГТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:  
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

**22 мамыр, 2024 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ БУЛЛИНГА:  
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**22 мая, 2024 года**

**АСТАНА**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ  
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**



**«БУЛЛИНГТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

**22 мамыр, 2024 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ БУЛЛИНГА: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**22 мая, 2024 года**

**Астана  
22 мамыр, 2024 ж.**

**УДК 159.922.7**

**ББК 88.8**

**Б 83**

**Бас редактор/главный редактор:**

**Асылбекова М.П.** – педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор (заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор)

**Б 83** «Буллингтің өзекті мәселелері: теория және практика» халықаралық ғыл.-прак. конф. материалдар жинағы (22 мамыр, 2024 жыл) = Сборник материалов межд. науч.-прак. конф. «Актуальные вопросы буллинга: теория и практика» (22 мая, 2024 года). / Бас ред./гл. ред.: Асылбекова М.П./ – Астана: «Бұлатов А.Ж.» ЖК, 2024. – 468 б. (с.)

**ISBN 978-601-326-780-7**

Жинаққа Қазақстан және шетел ғалымдарының, ЖОО оқытушыларының мектеп мұғалімдерінің, студенттер, магистранттар, докторанттардың мақалалары енгізілген.

В сборник включены статьи казахстанских и зарубежных ученых, преподавателей вузов, школьных учителей, студентов, магистрантов, докторантов.

BR18574152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы 2023-2024 жылдарға арналған бағдарламалық мақсатты қаржыландыру жобасы аясындағы «Буллингтің өзекті мәселелері: теория және практика» халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

**УДК 159.922.7**

**ББК 88.8**

**ISBN 978-601-326-780-7**

© «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ, 2024

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

- Сомжүрек Б.Ж.** – ғылыми семинар төрағасы, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;
- Асылбекова М.П.** – педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор;
- Атемова К.Т.** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
- Сейітқазы П.Б.** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
- Шалғынбаева Қ.Қ.** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
- Албытова Н.П.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- Сламбекова Т.С.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- Шолпанкулова Г.К.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- Жубакова С.С.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- Жукенова Г.Б.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- Махадиева А.К.** – философия докторы (PhD), доцент м.а.
- Балтабаева Ж.Б.** – магистр, аға оқытушы

## ЧЛЕНЫ ОРГКОМИТЕТА:

- Сомжүрек Б.Ж.** – председатель научного семинара, декан факультета социальных наук;
- Асылбекова М.П.** – заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор;
- Атемова К.Т.** – доктор педагогических наук, профессор;
- Сейітқазы П.Б.** – доктор педагогических наук, профессор;
- Шалғынбаева Қ.Қ.** – доктор педагогических наук, профессор;
- Албытова Н.П.** – кандидат педагогических наук, профессор;
- Сламбекова Т.С.** – кандидат педагогических наук, профессор;
- Шолпанкулова Г.К.** – кандидат педагогических наук, профессор;
- Жубакова С.С.** – кандидат педагогических наук, доцент;
- Жукенова Г.Б.** – кандидат педагогических наук, доцент;
- Махадиева А.К.** – доктор философии (PhD), и.о. доцента.
- Балтабаева Ж.Б.** – магистр, ст. преподаватель.

### Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Лэйн Д.А. Школьная травля (буллинг) // Детская и подростковая психотерапия. СПб., 2001.С. 240–276.
2. М.П. Асылбекова, Қ.Т. Атемова, Б.Ж. Сомжүрек. Түркістан облысындағы жасөспірімдер арасында буллинг және кибербуллингтің орын алу жағдайы// Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы 2023. № 3 (144).С 47-55.
3. Кон И. Что такое буллинг и как с ним бороться? // Семья и школа. 2006. № 11. С. 15–18.
4. Панкратова И.А. Проблема буллинга и конфликтного поведения в подростковом возрасте // Наука и школа. 2021. №4. С. 232-242.
5. Бутенко В. Н, Сидоренко О.А. Буллинг в школьной образовательной среде: опыт исследования психологических особенностей «Обидчиков» и «Жертв» // Вестник КГПУ им. В.П. Астафьева. 2015. №3 (33). С. 138 - 144.
6. Н.Б. Токсанбаева , С.Қ. Алимбаева,К.Б. Сматова , К.Ж. Туребаева , Б.Б. Аязбаева. Жасөспірімдік ортадағы буллинг – әлеуметтік-психологиялық мәселе ретінде //Психология және социология сериясы. Al-Farabi Kazakh National University 2021. №2 (77). С 57- 71 <https://doi.org/10.26577/JPsS.2021.v77.i2.07>
7. Жарова Д.В, Терех Е.Ю Психологические особенности подросткового буллинга // Ped.Rev.. 2018. №1 (19).С 79-84.
8. И.А. Ерина, В.А. Бузни, А.А. Корж Буллинг и пути его профилактики в образовательной практике // МНКО. 2021. №1 (86). С 81-83.

ҒТАМР 15.41.31

## КИБЕРБУЛЛИНГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Шалғынбаева Кадиша Кадыровна**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің п.ғ.д., профессор

**Жусупова Дарина Умиртаевна**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты

Астана қаласы, Қазақстан

*darina\_2498@mail.ru*

**Аннотация:** Мақалада кибербуллингке қатысушылардың, соның ішінде агрессорлардың, құрбандар мен куәгерлердің жеке психологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Кибербуллинг дәстүрлі қорқытудан бірқатар ерекше сипаттамалары бар қорлаудың жаңа түрі екені және оның дамуына әсер етуі мүмкін факторлар, сондай-ақ оның алдын алу үшін жасалуы мүмкін шаралар талқыланады.

**Түйін сөздер:** кибербуллинг, жасөспірімдер, интернет, агрессия, желідегі тәуекелдер.

Қазіргі қоғамның басты белгілерінің бірі - кез келген жастағы адамдарға қолжетімді, үлкен артықшылықтарға ие болған электронды бұқаралық ақпарат құралдары және интернет пайдаланушылар санының өсуі. Дегенмен, дамып келе жатқан технологиялар қоғамның жаңа деңгейге – виртуалды деңгейге көтерілген буллинг сияқты келеңсіз көріністерінің таралуына қолайлы жағдай жасайды.

Сондай-ақ, бүгінгі таңда буллинктің жаңа түрі – жеке сала ретінде қарастырылатын кибербуллинг барған сайын кең таралуда. Ол өзін қорғай алмайтын жәбірленушіге қарсы бағытталған электрондық нысандарын пайдалану арқылы жеке немесе топпен өзара әрекеттесумен белгілі бір уақыт аралығында жүйелі түрде жүзеге асырылатын қасақана агрессивті әрекеттерді қамтиды [1, б. 180].

«Кибербуллинг» ұғымын алғаш рет бұзақылардың қысымына ұшыраған балалар мен жасөспірімдерге, сондай-ақ зорлық-зомбылыққа ұшыраған ересектерге көмектесетін веб-сайттың негізін қалаушы Билл Белси енгізді. Ол бұл электронды ресурсты шынайы өмірде кибербуллинкті бастан өткерген адамдар арасындағы қарым-қатынас үшін, сондай-ақ өз оқиғаларымен бөлісу және психологиялық жарақат алу үшін жасады. Оның пікірінше, кибербуллинг – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, мысалы, электрондық поштаны, ұялы телефонды, жеке интернет-сайттарды жеке адамның немесе топтың басқа адамдарды қорлауға бағытталған қасақана, қайталанатын және дұшпандық әрекеттері үшін пайдалану болып отыр [2].

Бұл адамның өзін көрсетудің ең қарапайым тәсілдерінің бірі болғандықтан, жұртшылықтың назарын аударғысы келетін, алайда оған күш, шыдамдылық сияқты ресурстар жетіспейтін және мұны басқа жолмен жасауға болатынын білмейтін жастар арасында ерекше құрметке ие. Кибербуллинктің бұл түрінің ең басты ерекшеліктеріне уақыттан тыс, мультимедиялық, анонимдік және жанамалық жатады.

Кибербуллингте әрбір қатысушы нақты өмірдегідей белгілі бір өз рөлін таңдап, орындайды. Кибербуллингте қудалаушылар, жәбірленушілер және бақылаушылар бар. Жасөспірімнің осы позициялардың бірін алуы әртүрлі факторлармен, соның ішінде пайдаланушының жеке ерекшеліктерімен анықталады. Жастардың қуғыншы рөлінде кибербуллингке қатысу себептерін түсіндіретін психологтардың еңбектері К.С. Runions ұсынған сызба негізінде белгіленген агрессивті мінез-құлықтың төрт түрін сипаттайды [3]. Кибербуллинктің *импульсивті-реактивті түрі* фрустрацияға реакция ретінде агрессияның пайда болуымен сипатталады және қауіпке импульсивті жауап беруден тұрады. Бақыланатын-реактивті типте өзін-өзі ұстауы жоғары болғандықтан, бұл агрессивті реакцияны болдырмауға мүмкіндік береді. Агрессивтіліктің бұл түрі кибербуллинг құрбандары болған жасөспірімдердің интернет арқылы кек алу және әділеттілікті қалпына келтіру үшін жасайтын түрімен байланысты.

*Бақыланатын-қоздырушы агрессия* - бұл адамның өз мақсатына жетуге бағытталған қасақана мінез-құлқы (мысалы, әлеуметтік мәртебені көтеру)

және зорлық-зомбылықты құрал ретінде пайдалануы [4]. Кибербуллингтің соңғы импульсивті-қызықты түрі қуаныш, ләззат, толқу, жалықтыруды жеңу сияқты сезімдердің тұрткі болуымен сипатталады. Интернеттегі қорлаудың құрбаны болған жасөспірімдерді сипаттағанда, көптеген авторлар олардың өзін-өзі бағалауының төмендігі, сезімталдықтың жоғарылауы, психикалық және физикалық денсаулықтың төмен деңгейі, стресске бейімділіктің бар болуына назар аударады [5]. Зерттеулер кибербуллингтің виктимизациясының жастардың денсаулығына өте ауыр салдары бар екенін және депрессияға, үрейге, кейде суицидке әкелетінін растайды.

Интернет пен әлеуметтік желілерді пайдаланатын жасөспірімдердің жартысынан көбі виртуалды агрессияның куәсі болады. Бақылаушылар дәрменсіздік сезімімен, қуғыншыдан қорқумен (сондықтан олар оның жағына шығуы мүмкін), қобалжу, өзіне сенімсіздікпен сипатталады (нәтижесінде олар не болып жатқанын үнсіз бақылайды).

Көптеген жұмыстарға қарамастан кибербуллингтің рөлдік құрылымы мәселесі толық зерттелмеген. Бұл жағдай кибербуллинг мәселесін оған қатысушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерімен байланыстыра зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты - кибербуллингке әртүрлі көзқарастағы жасөспірімдердің ерекшеліктерін анықтау болды. Біз жасөспірімдердің белгілі бір санаты кибербуллингке оң көзқараспен қарайды деп болжадық. Сонымен қатар, бұл санаттағы жасөспірімдер кибербуллингке теріс көзқарасы бар жасөспірімдерден ерекшеленеді.

Зерттеу жұмысымызға 88 мектеп-лицейінің 13-15 жас аралығындағы, оның ішінде 18 ұл және 27 қыз сегізінші сыныптың 45 оқушысы қатысты. Алдымен мектеп оқушылары кибербуллинг құрбандарының, қудалаушылардың және бақылаушылардың санын, сондай-ақ олардың кибербуллингке деген көзқарасын анықтау үшін арнайы әзірленген сауалнама толтырды. Содан кейін сауалнама нәтижелері жасөспірімдердің жеке психологиялық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған Л.Н. Собчиктің ITDO әдіснамасымен сәйкестендірілді. Әрі қарай жасөспірімдердің жеке психологиялық ерекшеліктері мен кибербуллингке деген көзқарастың белгілі бір түрлері арасында байланыс орнатылды.

Сауалнама анонимді жүргізілгенін және қатысушыларға тек лақап атын, жынысын, жасын, сыныбын көрсету сұралғанын айта кету керек. Осының арқасында сенімді нәтижелерді алу мүмкіндігі жоғарылады. Мәліметтерді өңдеу сипаттамалық статистиканы, сонымен қатар жасөспірімдердің жеке психологиялық ерекшеліктері мен олардың кибербуллингке қатысуы арасындағы байланысты орнатуға мүмкіндік берген Спирменнің дәрежелік корреляциясын қолдану арқылы жүзеге асырылды.

Сауалнама нәтижесі арқылы 45 оқушының арасында 8-сынып оқушыларының көпшілігі кем дегенде бір рет кибербуллингтің құрбаны болғандар екені анықталды. Солардың ішінде өздерін кибербуллер ретінде танытқан, яғни агрессияға агрессиямен жауап берген жеткіншектер де аз

емес. Жасөспірімдердің аз бөлігіне кибершабуылға ұшырамаған және ешқашан буллер ретінде әрекет етпеген жасөспірімдер кіреді. Олар бұл виртуалды әрекеттердің адамды қорлайтынын және орны толмас зардаптарға әкелетінін түсінген. Сондай-ақ әлеуметтік желілерде ешқашан қысым көрмеген жасөспірімдер саны да аз. Агрессиямен жауап бермеген құрбандардың жалпы санының ішінде қыздардың саны басым; ұлдар көбірек кибербуллер ретінде танылды. Агрессияға агрессиямен жауап бергендердің арасында қыздар саны көбірек. Ал кибербуллингке ұшырағандар арасында және басқаларды да сондай жағдайға итермелегендер арасында қыздарға қарағанда ұлдар көбірек.

Корреляциялық талдау кезінде  $p < 0,01$  деңгейінде статистикалық маңызды байланыстар анықталды. Бұл байланыс агрессивтілік пен желідегі әртүрлі қолайсыз әрекеттердің арасында табылды. Жасөспірімдер арасында желіде мұндай әрекет етудің мақсаты ойын-сауық мақсатында болғаны айтылды. Бұл мектеп оқушыларының виртуалды кеңістікте өздерінің көңіл-күйін көтеру үшін агрессивті әрекеттер жасаған кезде басқа адамдардың сезімдері мен эмоцияларына құрмет көрсетпейтінін айтады. Сезімталдыққа бейім жастардың теріс электрондық хаттарды жіберумен айналыспайтыны анықталды.

Корреляциялық талдау ғаламтордағы басқа адамдар туралы жалған ақпаратты орналастыру сияқты жеке психологиялық сипаттамаға ие жасөспірімдер арасындағы байланысты анықтауға мүмкіндік берді. Бұл басқаларға қарсы бағытталған іс-әрекеттің моральдық жағы мен оның салдарын жеткілікті талдаусыз жасалуымен түсіндіріледі.

Мазасыздық пен бейтаныс адамнан электрондық хат алу туралы ескерту арасында корреляция анықталды. Мазасыздық деңгейі жоғары жасөспірімдер белгісіз адамдардан хабарламалар арқылы қорланған кезде, кибербуллингке ұшырауға қатты алаңдайды. Оларда сәтсіздіктер мен қиындықтарға деген алаңдаушылық жоғары деңгейде орын алады. Лабилдік пен желідегі қорқыту арасындағы анықталған корреляция осындай психологиялық ерекшелігі бар мектеп оқушылары кибербуллингті эмоционалды түрде өз бастарынан қатты кешіретінін көрсетеді.

Жасөспірімдердің осалдығын, олардың жанжалды жағдайлар туралы ұзақ уақыт ойлауға бейімділігін көрсететін, сезімталдық пен кибербуллингтің барлық түрлері арасындағы байланыс табылды. Сонымен қатар, корреляциялық талдау агрессивтілік пен басқа адамдардың ақпаратын рұқсатсыз ғаламторға орналастыру арасындағы кері байланысты анықтауға мүмкіндік берді. Бұл өз-өзіне сенімді және агрессивті мінез-құлыққа бейім келетін жасөспірімдердің деректерінің виртуалды кеңістікте олардың келісімінсіз жариялану пайызы аз болып келеді.

Эмпирикалық зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, кибербуллингке байланысты әрекеттерді белсенді түрде жүзеге асыру жасөспірімдердің агрессивтілік сияқты жеке психологиялық сапасымен байланысты деген қорытынды жасауға болады. Кибербуллингпен құдалаушы ретінде танылатын



жасөспірімдер стихиялылықпен ерекшеленеді. Кибербуллинг құрбандары агрессивті, мазасыз, эмоционалды тұрақсыздық сияқты қарқынды сезімдерге бейім болады. Оларға қатысты мұндай әрекеттер осы сипаттарды күшейтеді, ал төтенше жағдайларда қолайсыз психологиялық жағдайларға әкеледі.

Бір мезгілде кибербуллингке ұшырау және оған кудалаушы ретінде қатысу келесідей жағдайлармен байланысты: онлайн қорқыту құрбандары кибершабуылдардан зардап шеккен жасөспірімдердің өзі болып табылады немесе агрессияға агрессиямен жауап берген немесе олардың әрекеттері агрессивті ретінде қабылданған, осылайша кибербуллингтің үздіксіз процесіне кіреді.

Жалпы, кибербуллинг пен жасөспірімдердің жеке психологиялық ерекшеліктері арасындағы анықталған байланыстар арнайы агрессия құбылысы ретінде кибербуллингті одан әрі зерттеу жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Дәлірек және толық деректер алу үшін, әрбір психологиялық сипаттаманың ғаламтор желісіндегі қолайлы және қабылданбайтын әрекеттер туралы идеяларды қалыптастыруға қосқан үлесін бағалау үшін таңдауды ұлғайту мүмкін болып көрінеді. Бақылаушының рөлі маңызды, сондықтан кибербуллингке белсенді түрде қатыспаған, бірақ соған қатысы бар жасөспірімдерді бөлек зерттеуге және олардың жеке психологиялық ерекшеліктерімен байланысын талдауға болады. Сондай-ақ, оқушының виртуалдылықтың адамның нақты өміріне әсері және оның мінез-құлқының өзгеруі туралы пікірін дамытуға тағы қандай факторлар әсер ететінін зерттеу қажет сияқты.

Осы зерттеуде де, жоспарланған жұмыста да алынған нәтижелер кибербуллинг құбылысын егжей-тегжейлі зерделеуге және оның алдын алудың тиімді жолдарын, сондай-ақ жасөспірімдер арасында интернет-буллингке қатысудың алдын алу шараларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланған дереккөздер тізімі**

1. Бочавер А.А. Кибербуллинг: травля в пространстве современных технологий / А.А. Бочавер, К.Д. Хломов // Высшая школа экономики. 2014. № 3. С. 177—191.
2. Belsey В. Cyberbullying: AnEmergingThreatto the «Always On» Generation.[Электронный ресурс]. URL: <http://www.billbelsey.com/?p=1827> (дата обращения: 24.02.2020).
3. Nixon C.L. Current perspectives: the impact of cyberbullying on adolescent health // Adolescent Health, Medicine and Therapeutics. 2014. Vol. 5. P. 143—158.
4. Nixon C.L. Current perspectives: the impact of cyberbullying on adolescent health // Adolescent Health, Medicine and Therapeutics. 2014. Vol. 5. P. 143—158.
5. Compton L., Campbell M.A., Mergler A. Teacher, parent and student perceptions of the motives of cyberbullies // Social Psychology of Education. 2014. Vol. 17. P. 383—400.